

БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА) шеңберінде жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 740 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА) шеңберінде жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА) шеңберінде жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум

БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА) шеңберінде БҰҰ-ның Еуропалық Экономикалық Комиссиясы (БҰҰ ЕЭК) Хатшылығының және Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиялардың (АТМЭЭК) қолдауымен, СПЕКА-ны қолдаушы мемлекеттердің көмегімен, СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттердің көлік мәселелері жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі - Тараптар),

барлық СПЕКА-ға мүше елдердің арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге тілек білдіре отырып, өңірдің экономикалық дамуы үшін қажетті тасымалдарды және сауданы, 1998 жылғы 26 наурыздағы Орталық Азияның экономикаларына арналған БҰҰ-ның Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА) туралы Ташкент Декларациясына сәйкес дамытуға ықпал ету мақсатында (бұдан әрі - 1998 жылғы 26 наурыздағы Ташкент Декларациясы),

Орталық Азияда халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асырудың тиісті инфрақұрылымның, шекаралардан өту рәсімдерінің осалдығына ғана емес, сондай-ақ институционалдық, құқықтық және экономикалық кедергілерге байланысты кемшіліктерінің барын мойындай отырып,

осындай ортақ проблемаларды шешу өңірлік ынтымақтастық шеңберіндегі жаңа

және перспективалы тәсілдерді талап ететінін басып айта отырып, жасасқан және қабылданған тиісті халықаралық келісімдер мен декларациялардан туындаған өз міндеттемелерін мойындай отырып, көлік, әсіресе жер үсті көлігі және қоршаған ортаны қорғау саласында, БҰҰ-ның және басқа да тиісті халықаралық және өңірлік форумдар мен келісімдер шеңберінде қабылданған шешімдер мен құқықтық ережелерге сәйкес болуы не қажет болған жағдайда оларды ескеру туралы өзінің ниетін білдіре отырып, өңірде автомобиль көлігі секторын едәуір толық пайдалануға әкелетін тасымалдардың құнын төмендету және жүктерді жеткізу мерзімдерін қысқарту жөніндегі тиімді шаралар қабылдануы мүмкін екендігіне сенім білдіре отырып, аралас тасымалдардың өңірде көліктік қызмет көрсетуді арттыру үшін атқаратын р о л і н м о й ы н д а й о т ы р ы п , белгілі бір шараларды орындаудың ұзақ мерзімді сипаты барын түсіне отырып, осы БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы Бағдарламасы шеңберінде жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум (бұдан әрі - Меморандум) жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсартудағы маңызды қадам болып табылатындығымен к е л і с е о т ы р ы п , мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Мақсаты

1. Осы Меморандумның мақсаты 1998 жылғы 26 наурыздағы Ташкент Декларациясын көлік инфрақұрылымын дамытудың және тауарларды, қызметтерді және еңбек ресурстарын ұлттық шекаралар арқылы тасымалдау рәсімдерін оңайлатудың басым салаларында (көлік тасымалдарын және шекараларды кесіп өтуді жақсарту), әсіресе автомобиль көлігі саласында орындау үшін негіз жасау; өңірдегі жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарының тиімділігін арттыру үшін қажетті басты элементтерді үндестіру жөніндегі СПЕКА-ға қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастық пен үйлестіруді қабылданған халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес, рәсімдерді, нысандылықтарды және құжаттаманы оңайлату және үйлестіру ж о л ы м е н к ү ш е й т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Осы ынтымақтастық негізінен институционалдық, құқықтық және экономикалық сипаты бар жалпы қағидаттарды, шараларды және іс-қимылдарды біріктіруге, сондай-ақ жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жақсарту саласында оларды орындау және бақылау құралдарына бағытталатын болады.

2-бап

Негізгі ережелер

1. Тараптар БҰҰ келісімдері мен конвенцияларындағы және Тараптар жасасқан халықаралық шарттардағыларды қоспағанда, онша қолайлы емес жағдайларды көздейтін шараларды қабылдамайды. Атап айтқанда, Тараптар жоғарыда көрсетілген заңнамалық құралдарда көзделген халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және инфрақұрылымды пайдаланудың нақты құнын көрсететін және құн есептеудің стандартты элементтерін пайдалана отырып, алымдар алудың үйлестірілген саясатына негізделген алымдардың тасымалдаушылардан алынуын қамтамасыз ететін өңірдегі тиімді екіжақты және транзиттік тасымалдарды көздей отырып, жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жеңілдету мақсатында әкімшілік, техникалық, заңды және басқа да кедергілерді одан әрі жеңілдету жөнінде жұмыс жүргізетін болады.

2. Осы Меморандумның ережелері Тараптар қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

3-бап

Халықаралық автомобиль көлігінің прогрессивті ырықтандырылуы мен орнықтылығы

1. Тараптар оның Тараптардың кейбіреулері үшін ұзақ мерзімді сипатын мойындай отырып, біртіндеп квоталардан бос режим орнатады.

2. Квоталардан бос режим Тараптардың арасында қолданылып жүрген екі жақты келісімдерде көзделген, тегін рұқсаттарға қатысты ережелердегі жеңілдіктерге залал келтірмеуі тиіс. Бұл жол баждары мен басқа алымдарды алу жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің егеменді құқықтарына қарсы бағытталмауы тиіс.

3. Тараптар СПЕКА өңіріндегі негізгі халықаралық көлік дәліздерінің белгілі бір секторларында халықаралық автомобиль тасымалдарындағы алып өту және өткізу қуаттылықтарының ұлғаюына әсер ететін тиімді және барабар аралас көліктік қызметтерді енгізеді және дамытады.

4-бап

Халықаралық келісімдерге қосылу

Тараптар осы Меморандумға 1-қосымшада көрсетілген халықаралық көлік келісімдеріне, егер олар әлі оған қосылмаған болса, қосылуға ұмтылатын болады.

5-бап

Барынша рұқсат етілген салмақтық нормалар мен көлемдерді, сондай-ақ өлшеу рәсімдерін де үйлестіру

Тараптар жүк көлік құралдарының барынша рұқсат етілген салмақтық нормалары мен көлемдерін, сондай-ақ өлшеу рәсімдерін үйлестіруге ұмтылады. Тараптар өлшеу рәсімдерінің бірыңғай тәртібін келіседі.

6-бап

Халықаралық маңызы бар жолдар

Тараптар барынша салмақтық нормалары мен көлемдерін бар автокөлік құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін халықаралық автомобиль тасымалдары үшін еуропалық және азиялық тас жолдар желісіне (әмбебап сипаттағы БҰҰ құжаттарымен белгіленген) кіретін СПЕКА-ға қатысушы елдер жолдарының барлық учаскелерін белгіледі (жолдар тізбесі осы Меморандумға 2-қосымшада көрсетілген).

7-бап

СПЕКА өңірі жүк көлік құралдары салмақтық нормаларының халықаралық сертификаты

1. Тараптар СПЕКА өңірі жүк көлік құралы салмақтық нормаларының сертификатын енгізуді қамтамасыз етеді, оны маршрутта салмақтық нормалардың қайтадан өлшенуін болдырмау мақсатында шығарады немесе сертификаттайды. Осы сертификатты пайдалануды СПЕКА елдерінің тасымалдаушылары ерікті негізде жүзеге асырады.

2. Салмақтық нормалар мен көлемді реттейтін үйлестіру ережелерін белгілеудің толық рәсімдерін, сертификат жасаудың, оны пайдаланудың, сондай-ақ құзыретті органдар қабылдайтын барлық қажетті шаралардың толық рәсімдерін Тараптар келісетін болады.

8-бап

Алымдарды алу саясаты

1. Тараптар жүктердің халықаралық тасымалдарынан алымдар алу практикасын бағалар мен шығындарға, кемсітпеушілікке және ашықтыққа ара қатынасының қағидаттарын ескере отырып, көрсетілген алымдар мөлшерінің барлық өзгерістері туралы бір-біріне алдын ала хабарлауды қоса алғанда, жаңғыртуға және біртіндеп жақындатуға барлық қажетті қадамдар жасайды.

2. Тасымалдаушыларға салынатын баждар немесе кез келген басқа да алымдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес алынатын және автокөлік шығындарын есептеу жөніндегі халықаралық стандарттарға, сондай-ақ өлшем бірліктеріне (тонна-километр) негізделетін болады. Тиісті алымдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес төленетін болады.

9-бап

Жол тасымалдарымен байланысты алымдардың ақпараттық жүйесі

Тараптар шетелдік тасымалдаушылардың ұлттық автокөлік желісін пайдалануына қатысты алымдар мөлшерінің өзгерістері туралы алдын ала алынған ақпаратты қоса алғанда, барлық алымдар жөніндегі толық, дәл және уақтылы ақпаратпен алмасатын болады. Тараптар барлық мүдделі тараптардың арасында тарату үшін БҰҰ Хатшылығына, Автомобиль Көлігінің Халықаралық Одағына және басқа да үкіметтік емес ұйымдарға өздерінің ресми құжаттарында осы ақпаратты жариялауына өтініш жасайды.

10-бап

Кәсіби жүргізушілер үшін виза рәсімдерін оңайлату

Тараптар нысандылықтарды оңайлату, талап етілетін құжаттар санын азайту, визаларды рәсімдеу және жылдық көп реттік визалар беру уақытын қысқарту мақсатында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын кәсіби жүргізушілерге визалар беру рәсімін оңайлату жөніндегі мәселелерді, егер бұл басқа қолданылып жүрген келісімдерге қайшы келмесе, Тараптардың тиісті органдарының зерделеуіне тұрақты түрде ұсынуға ұмтылатын болады.

11-бап

Орындалуы

Тараптар көлік қуаттарын және экологияға зиянсыз технологияларды жоғарылатуға бағытталған қосымша және қосалқы шараларды қоса алғанда, автомобиль көлігі саласында көп жақты негіздемелік келісім жасасуға күш салады.

Бұл ретте Тараптардың тиісті органдарының жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсаттарды беруі кезіндегі шарттар осы Меморандумда ескерілгеннен гөрі қолайсыздау болмауы, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы екі жақты келісімдерде бекітілген ережелерді көрсетуі тиіс.

12-бап

Қолданылу мерзімдері

Осы Меморандум бес жыл мерзімге жасалады және келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Тараптардың кез келгені шығу күніне дейінгі алты айдан кешіктірмей бұл туралы Депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Меморандумнан шыға алады.

13-бап

Дауларды шешу

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Қорытынды ережелер

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум Депозитарийдің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқа мемлекеттердің құзыретті органдары осы Меморандумға қол қойған барлық қатысушылардың тарапынан мақұлдау алғаннан кейін осы Меморандумның тараптары болады.

Қазақстан Республикасы осы Меморандумның Депозитарийі болып табылады, ол қол қойылған Меморандумның расталған көшірмелерін барлық Тараптарға жібереді.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі үшін

Әзірбайжан Республикасының
Көлік министрлігі үшін

Қырғыз Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі үшін

Тәжікстан Республикасының

Көлік министрлігі үшін

Түркіменстанның
Автомобиль көлігі

министрлігі үшін

Өзбекстан Республикасының
Автомобиль және өзен көлігі

агенттігі үшін

1-қосымша

Автомобиль көлігі саласындағы халықаралық келісімдер

I. Жол тасымалдары рәсімін жеңілдету жөніндегі конвенциялар

1. Жол қозғалысы туралы конвенция (08.11.1968.)
2. 1968 жылғы 8 қарашада Вена қаласында қол қою үшін ашылған жол қозғалысы туралы конвенцияны толықтыратын Еуропалық келісім (01.05.1971.)
3. Жол белгілері мен дабылдары туралы конвенция (08.11.1968.)
4. 1968 жылғы 8 қарашада Вена қаласында қол қою үшін ашылған Жол белгілері мен дабылдары туралы конвенцияны толықтыратын Еуропалық келісім (01.05.1971.)
5. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісім (ЕСТР) (01.07.1970.)
6. Жүктердің халықаралық тасымалдары жөніндегі шарт туралы конвенция (ЖХШК)
(1 9 . 0 5 . 1 9 5 6 .)
7. Жеке меншік жол тасымалдау құралдарын уақытша әкелу туралы кедендік конвенция
(0 4 . 0 6 . 1 9 5 4 .)
8. Коммерциялық мақсаттарға арналған жол тасымалдау құралдарын уақытша әкелу туралы кедендік конвенция (18.05.1956.)
9. ХЖТ кітапшасын қолданып жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенция (ХЖТ конвенциясы) (14.11.1975.)
10. Шекарада жүктерге бақылауды жүргізу шарттарын келісу туралы халықаралық конвенция (21.10.1982.)
11. Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы Еуропалық келісім (ДОПОГ)
(3 0 . 0 9 . 1 9 5 7 .)
12. Тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісім (СПС) (01.09.1970.)
13. Контейнерлерге қатысты кедендік конвенция (02.12.1972.)

II. Көлік инфрақұрылымына қатысты халықаралық келісімдер

14. Халықаралық автомагистральдар туралы Еуропалық келісім (ХАК) (15.11.1975.)

15. Халықаралық аралас тасымалдардың маңызды желілері мен тиісті объектілері туралы Еуропалық келісім (АТЖК) (01.02.1991.)

2-қосымша

**Барынша салмақтық нормалары мен көлемдері бар
автокөлік құралдарын пайдалануға мүмкіндік
беретін жолдар учаскелерінің тізбесі Қазақстан Республикасы**

Батыс - Шығыс бағыты (негізгі бағыттар)

1. Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай - Қытай шекарасы

2. Қорған - Петропавл - Омбы

3. Самара - Орал - Ақтөбе - Қызылорда - Шымкент - Жамбыл - Бішкек

4. Астрахань - Атырау - Бейнеу - Нөкіс

5. Ташкент - Шымкент - Тараз - Бішкек - Алматы - Хоргос - Қытай шекарасы

Солтүстік - Оңтүстік бағыты (негізгі бағыттар)

1. Екатеринбург - Челябині - Қостанай - Қарағанды - Алматы - Бішкек

2. Барнаул - Павлодар - Қарағанды - Жезқазған - Қызылорда - Үшқұдық - Бұхара

3. Саратов - Орал - Атырау - Бейнеу - Бекдаш - Ашгабат

4. Новосибирск - Семей - Үшарал - Алматы - Ташкент

Аралық бағыттар

1. Петропавл - Есіл - Жезқазған - Қызылорда - Үшқұдық

2. Қарағанды - Аягөз - Бұғаз

Тармақтар және жалғастырғыш жолдар

1. Петропавл - Астана

2. Жамбыл - Талас - Сусамыр

3. Таскескен - Бақты - Қытай шекарасы

4. Үшарал - Достық - Қытай шекарасы

5. Алматы - Ұзынағаш - Кемин

6. Чолпон Ата - Кеген - Көкпек